

Қазаққа қандай философия керек

Танымал норвегиялық философ, жазушы, Берген университеті философия кафедрасының профессоры Ларс Свендсен 2003 жылы «Философия философии» атты еңбегін жариялайды. Бұдан да басқа «Философия скуки» (2002), «Мода: Философия» (2006), «Қорқыныш философиясы» (2008), «Жұмыс» (2008), «Зұлымдық философиясы» (2010), «Еркіндік философиясы» (2014), «Жалғыздық философиясы» (2017), «Понимание животных: философия для любителей собак и кошек» (2019), «Өтірік философиясы» (2022), «Глупость, идиотизм и тупые идиоты» (2024) атты кітаптары жарыққа шыққан болатын.

«Философияның философиясы» – деген еңбек өзін философ санайтын кез-келген ғалымның бірден көзі түсіп, қызығушылығын туғызатын кітап. Көлемі 150 беттен тұратын шағын ғана философиялық эсселер жинағы.

Кітап автордың философияға қалай келгені мен философия туралы ой талқысымен басталады. Онда былай дейді: «Философия дегеніміз – өзінді түсінуге күмәндану. Өйткені, философия бізге сыртқы даналықты іздеу ғана емес, өз надандығымызбен де кездесудің еріксіздігі және өзіңізге ыңғайсыз сұрақтар қою». Автор тақырыпты одан әрі өрбітіп, өзінің философияға қалай келгендігі туралы пайымын келтіреді. «Менің ойымша, біз қандай жағдай болмасын, оның ішінде философиямен айналыса бастайтын себептер туралы ұмытпауымыз маңызды. Көптеген адамдар белгілі бір экзистенциалды мәселелерге тап болған кезде философияны зерттеуге келеді. Менімен де солай болды». Философия дегеннің не екендігі туралы кітап жазуды сұрағанда, Мен бұл идеяны бірден жандандырып жібердім. Бұл сұрақты әр философ қандай да бір жолмен ойластырған және көпшілік бұл туралы ерте ме, кеш пе осы тақырыпта жазғысы келеді. Мүмкін, мұндай тапсырмаға философиямен ұзақ жылдар бойы айналысу керек шығар. Екінші жағынан, кез-келген философиялық іс-әрекеттің негізі, біз қандай даму сатысында болмасақ та, осы ғылымның мәніне бір немесе басқа көзқарас жатыр және бұл көзқарасты айтуға тырысу өте айқын қадам. Маған кітаптың көлемі шамамен жүз бет болуы керек және мазмұны жағынан қол жетімді болуы керек деген шарт қойылғанда, мен бұл туралы көп ойландым» (Л. Свендсен. *Философия философии*: Прогресс-Традиция; Москва; 2018). Автор өз еңбегінде өзіне сұрақ қойып, сол сұраққа өзі жауап беруге тырысады. Кітапта автордың философияға қалай келгендігі және экзистенциалдық мәселелер оның өміріне қалай ықпал еткендігі де айтылады. Жалпы кітап Философия деген не, Философия негіздері, Философия және ғылым, Философия және әдебиет, Философия және тарих, Континентальды және аналитикалық философия, Перспективизм және философиядағы плюрализм, Философия даналық туралы ғылым, Философияның кемшіліктері және Философияның болашағы сияқты 10 бөлімнен тұрады.

Әлемнің жетекші оқу орындарында философия ең негізгі, беделді факультетке айналған. Біз білетін Ресейдегі Михаил Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде өз алдына жеке «Философия факультеті» және онда 16 кафедра бес бағытта мамандар даярлайды, тоғыз ғылыми-білім беру орталықтары және бір гуманитарлық білім берудегі ақпараттық жүйелер зертханасы қызмет жасайды. Бұл бізге ой салатын дүние болуы тиіс.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Сенімің мен ақылың екі жақтап» –деп хакім Абай айтқандай, бар үміт өзіңде.

Көп жағдайда философия десе, ел ішінде бірден естеріне Сократ, Платон, Аристотель, Бэкон сияқты философтар түседі. Әрине, олардың барлығы философия ғылымының өсіп-өнуіне ықпал еткендігі анық. Бірақ, бұл тұтас философияны құрамайды. Әркім өз ойына, өміріне жауапты. Жеке тұлға ретінде өз ойын, өз философиясын қалыптастырғаны дұрыс. Витгенштейннің «Философия – бұл ең алдымен өзіңмен, өз идеяларыңмен және әдістеріңмен жұмыс жасау» – деген тұжырымы көп нәрсені түсіндіреді.

Бізге жетіспейтіндігі өмірдегі кез-келген құбылысқа сыни көзбен қарау. Басқа қырынан, басқа жолмен келуді кейде ұмытып кетеміз. Қандай да бір идеяны, тұлғаны абсолют деп қарамауымыз керек. Философияның мақсаты да сол.

Хайдеггер өз заманында «нағыз философия тек қана неміс және грек тілдерінде ғана» деген ойды айтқан. Біз бұл пікірмен келіспейміз. Философия тілге бөлінбейді. Әр ұлттың өз философиясы болатындығы ақиқат. Бүгінгі таңда қазақ философиясы пән ретінде толықтай қалыптасты десек те болады. Жас ғалымдар диссертацияларын қазақ тілінде қорғауда. Қазақи дүниетанымдағы ұғымдар жаңғыртылып, қазақ тіліндегі ғылыми лексика бой түзеп келеді. Осындай жүргізіліп жатқан іс-шаралардың нәтижесінде қазақ халқының дүниетанымы мен ойлау жүйесі бір арнаға тоғысып, жан біте бастағандығын көреміз.

XXI ғасырда «Қазақ халқына қандай философия керек?» деген сұрақ көпшілікті мазалайтындығы шындық. Бұдан былай қазаққа, қазақ мемлекетіне «аналитикалық философия» керек деп айта аламыз. Бұл ұғымды ғылыми айналымға ағылшын философтары Джордж Эдвард Мур, Бертран Рассел, одан кейін неміс ойшылы Готлоб Фреге еңбектерінде сөз болған. Аналитикалық философия қоғамдағы, әлемдегі өзекті тақырыптарға сараптама жасауды, бір мәселеге әр қырынан қарауды көздейді. Бір қуантарлығы, елімізде пікір алуандығы (плюрализм) бар. Еркін ойға шек жоқ.

Көпшіліктің философия пәніне қатысты сыны - қазіргі философия өткен шақпен ғана оқытылатындығы. Сол себептен де бүгінгі философия, осы шақ,

дәл қазіргі уақытпен, бүгінгі өзекті тақырыптармен тығыз байланыста болуы керек деген пікірлерін айтуда. Бұл сұрақ, баршамызды ойлантады.

Міндетті пәндер тізіміне енген «Философия» пәнінің құрылымы мен мазмұнын көп жағдайда, көпшілік ата-аналар, мектеп бітіруші түлектер біле бермейді. Осы бағытта философия білім беру бағдарламасымен білім алып жатқан студенттердің өздері де «философия» білім беру бағдарламасын таныстырып, насихаттай алады.

Философия мамандығы ішінде, бізге жеке салалар бағытындағы маманданған философтар қауымын тәрбиелеу керек. Мәселен, Қытай философиясы, онтология мен гносеология, этика, эстетика, Араб-мұсылман философиясы, Аналитикалық философия, Антропологиялық философия, Ғылым, білім философиясы, Түркі философиясы, Қазақ философиясы деген сияқты салалардың мамандарын даярлау маңызды. Тарихшы Жақсылық Сәбитпен болған подкастта журналист ХІХ-ХХ ғасыр тарихына қатысты сұрақ қояды, сонда Жақсылық – ол кезең менің зерттеу бағытым емес, – деп қысқа қайырды. Демек, бізге де салалық философияны қолға алуымыз керек.

Осы жерде елімізге белгілі ғалым, профессор Аманжол Қасабектің мына сөзі еске түседі: «Еліміздегі философиялық біршама зерттеулер бөтен елдің топырағында пайда болған идеологиялық қасаң өлшемдердің көлеңкесінен шыға алмады. Оған уақыт кінәлы болғанымен, санаткерлік және адамзаттық отансүйгіштік жетпеді. Мәселен, қазақтың қоғамдық-философиялық ойлау жүйесі жөнінде объективті түрде зерттеу жүргізілмеді, ал оқу үрдісінде оған уақыт мардымсыз ғана бөлінді. Қазақ ағартушылары туралы курс болғанымен, оған қажетті дәрежеде мән берілмеді. Еуропоцентристік идеялар басым болды, студенттерге тек классикалық философия тұрғысынан дәріс берілді. Бұл сайып келгенде, философиялық білім жүйесінде сыңаржақтылыққа әкеп соқтырды, ал ұлттық философиялық ойлау туралы ешқандай да бастамаға жол ашылмады. Тек тоқсаныншы жылдардың басында ғана елімізде қазақ философиясын зерттеуге және оқытуға бетбұрыс жасалып, нәтижелі табыстарға қол жеткізе бастады» (*Қасабек А. Ғибратты ғұмыр. Алматы: Қазақ университеті, 2023 ж. – 404/293 бет*).

Ең алдымен философия пәнін оқытуда, біздер маман емес, адам, адам капиталын қалыптастыратын миссиямызды ұмытпағанымыз дұрыс. Қазіргі алмағайып заманда өмірдің мәні, адамның өмірлік маңызды сұрақтарын талқылауды тоқтатпауымыз керек. Одан қалса, этикалық мәселелер күн тәртібіне шықты.

Философия пәнінен сабақ беру барысында біздер әр студенттің санасына адамшылықтың дәнін сеуіп жатқанымызды ұмытпайық. Маман емес, адам тәрбиелеу миссиямыз да бар. Өмірдің мәнін іздеген әр студенттің санасына Абайдың «Сен де – бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан!» – деген сөзін сіндіру қажет. Сонымен қатар, әр білім алушының өмірден өз орнын табуда

«философия» пәнінің алатын теориялық-практикалық қыры ұшан теңіз. Қоғамда көрініс тауып жатқан келеңсіз оқиғаларға жол бермеу, сондай әдеттерден қорғанудың иммунитетін қалыптастыру үшін, біз сөз қылып отырған философия пәнінің алатын орны айрықша болуы тиіс.

Жоғарыда аталған Ларс Свендсен өз кітабында мынадай қызық мәліметті келтіреді «Әлемде ешқашан философиямен нан табатын адамдар көп болған емес. Сонымен бірге философия бұрын-соңды болмағандай жабық болды. Бір қызығы, бұл академиядан тыс философияға деген қызығушылық өте жоғары болған кезде болады. Ағылшын тілді елдерде университеттер мен институттарда шамамен 14-15 мың философ жұмыс істейді. Тек Норвегияда олардың саны екі жүзге жуық» – дейді.

Ларс өзінің осы шағын мақаласында кешегі және бүгінгі философияның өзекті сұрақтарын көтереді. Сол сұрақтарға өзі жауап береді. Бұл сұрақтар тек қана Норвегиялық философтардың басындағы мәселе емес, бұл тақырып бүкіл әлемдік философтардың басындағы өзекті тақырыптар. Аталмыш кітаптың соңғы оныншы бөлімінде философияның болашағы тақырыбын көтереді. Ия, мәселе бар. Болашақта не болады, философияның болашағы бар ма – деген сұрақ кез-келген академиялық ортадағы философтардың көңіліндегі мәселе.

«Философия – біз әлем туралы ойлау арқылы жасайтын хаосты ретке келтірудің үздіксіз қызметі. Бұл хаос біздікі сияқты нәрселер тым тез өзгеретін уақытта күшейе түседі. Мәселе мынада, кейде философия тек хаосты күшейтеді. Беркли философтар тек шаңды көтереді, содан кейін ештеңе көре алмайтындығына шағымданады деп мәлімдеді. Онымен келіспеу қиын. Дегенмен, біз философияны жалғастырамыз, өйткені біз тоқтай алмаймыз. Философия 2500 жыл ішінде бір нәрсеге қол жеткізе алды ма? Бұл сұраққа жауап беру оңай емес. Әлбетте, философия өзгерді, белгілі бір бастапқы нүктеден дамыды және күрделене түсті. Біреу философия дәстүрлі сұрақтарға жауап беру әрекеті ретінде өз шегіне жетті деп мәлімдегенде, біз ешқашан сұрақ қоюды және жауап іздеуді тоқтатпаймыз деген қарсылық туындайды. Бірақ бұл жұмыс таңқаларлықтай қуанышты болуы мүмкін» автордың осындай ой тұжырымдарымен мақаламызды қорытындыласақ деген ойымыз бар.

Автордың ойлары біздің, осы кітап туралы, ондағы көтерілген мәселер жөнінде шағын эссе-рецензия жазуымызға түрткі болды. Екінші жағынан ХХІ ғасырдың жетекші философының еңбегін, ондағы негізгі ойларды Қазақстандық философтар қауымына таныстыру болып саналады.

Студенттің өзіндік жұмысы (эссе):

1. Сіздің ойыңызша қазаққа қандай философия керек?
2. ХХІ ғасыр философиясының қандай өзекті мәселелері мен жаңа трендтері бар?

3. Қандай философиялық еңбек оқыдыңыз және онда көтерілген тақырып?
4. «Философия және менің болашақ мамандығым» тақырыбында эссе жазу.

Норвегиялық философ Ларс Свендсеннің «Философия философии» еңбегін оқып, өз ойыңызды жазыңыз (Л. Свендсен. Философия философии»: Прогресс-Традиция; Москва; 2018).

